

## Аймақтағы энергетика кәсіпорындарының 2023-2024 ж.ж. күз-қыс маусымына даярлығы

Еліміздің барлық өңірлерінде жылыту маусымы қазан айында жоспарға сәйкес басталды.

Тараз қаласы әкімінің өкімі негізінде 2023 жылғы 12-16 қазан аралығында жылу энергиясы тұтынушыларының жылумен жабдықтау жүйелерін кезең-кезеңімен қосу жұмыстары жүргізіліп, бірінші кезекте әлеуметтік нысандарға, одан кейін тұрғын үйлерге жылу берілді. Қазіргі таңда облыс орталығы мен аудандарда ағымдағы күз-қыс маусымы жоспарға сәйкес өтуде.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларының» 31-тармағына сәйкес энергетика ұйымдары үшін дайындық паспортын алу мерзімі – 31 қазанға дейін белгіленген

Әзірлік паспорты – энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа *(жабдықтарды жөндеу, резервтік отын қорын дайындау және т.б.)* дайындығын растау үшін жыл сайын берілетін құжат.

Бұл ретте, өңірдегі «Таразэнергоорталық» АҚ, «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ, «Жамбыл электр жүйесі» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындарға әзірлік паспортын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті *(Астана қаласы)* беретінін атап өту қажет.

Сонымен қатар, облыс аумағындағы қуаттылығы әр түрлі жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің *(магистральдық, орамшiлік)* күз-қыс маусымындағы жұмысқа әзірлік паспорттарын тиісті аудан және қалалық жергілікті атқарушы органдар тарапынан беріледі.

Ағымдағы жылу беру маусымын үздіксіз әрі қауіпсіз өткізу мақсатында, жергілікті атқарушы органдар энергия нысандарын, инженерлік инфрақұрылымдарды, сондай-ақ әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй қорын жоспарлы түрде дайындап, іс-шаралар жоспарын бекітеді және осыған сәйкес дайындық жұмыстарын атқарды. Облыс аумағындағы екі электр станциясы бойынша 6 энергоблок, 20 қазандық, 8 турбина агрегаты жөндеу жұмыстарымен қамтылды. Атап айтқанда, қазіргі таңда «Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» №5 энергоблогында орнатылған қазандықты күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары аяқталуда. «Таразэнергоорталық» АҚ-да №3 бу қазандығы, сонымен қатар, осы мекемеге қарасты аудандық қазандықтың №4 су жылытқыш қазандығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, басқа да қазандықтар мен сорғы станцияларына арналған қосалқы бөлшектер сатып алып, орнатылды, қазандық ғимараттары мен энергоблоктарға ағымдық жөндеу жүргізіліп, жылу тораптары күрделі жөндеуден өткізілді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау Комитетінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық департаменті тарапынан «VELES DISTRIBUTION» ЖШС энергия беруші ұйымы және жаңартылған *(жел, күн, су)* энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші 15 ұйымның алдымыздағы күз-қыс жағдайындағы жұмысқа әзірлігі мен жоспарланған жабдықтарды жөндеу жұмыстарының сапасын тиянақты тексеріліп, нәтижесінде 2023-2024 жылдардағы күз-қыс маусымында жұмысқа *(жабдықтарды жөндеу, резервтік отын қорын дайындау және т.б.)* дайындығын растайтын әзірлік паспорттарын беру туралы шешім қабылданды.

Қазіргі таңда Жамбыл өңірінде қуаты 451,3 МВт құрайтын жаңартылған энергия көздерінің 21 нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде: қуаты 24,4 МВт болатын 6 су электр станциясы; 175,65 МВт – 9 жел электр станциясы мен 251,25 МВт – 6 күн электр станциясы бар.

Елімізді электр энергиясымен жабдықтауға сүбелі үлес қосып келе жатқан жаңартылған энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың іске қосылуына көп болмағандықтан, жабдықтардың жаңа, заманауи, электр энергетикасы саласындағы қойылған талаптарға сай екенін ескере отырып, алдағы күз-қыс маусымынан технологиялық бұзушылықтарсыз шығатынына сенім мол.

Жамбыл облысының энергия кәсіпорындарында 2022-2023 жылдардың күз-қыс маусымымен салыстырғанда технологиялық бұзушылықтар санының азаюы байқалады.

Облыста 2023-2024 жылдардағы жылыту маусымының тұрақты әрі сапалы өту мақсатында Департамент өз құзыреті шегінде электр станциялары мен электр желілерінің күз-қыс кезеңіндегі жұмыс барысын мемлекеттік тұрғыдан энергетикалық бақылауда ұстауды жалғастыра береді.

**«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ басшысының орынбасары Т.К.Жұманқұл**

## **Готовность энергопредприятия региона к работе в осенне-зимних условиях 2023-2024 гг.**

Отопительный сезон во всех регионах страны начался в октябре по плану.

На основании распоряжения Акима города Тараз с 12 по 16 октября 2023 года произведено поэтапное подключение систем теплоснабжения потребителей тепловой энергии, тепло в первую очередь подано в социальные объекты, затем в жилые дома. В настоящее время на территории города, области проходит текущий осенне-зимний период.

В соответствии с пунктом 31 Правил получения энергопроизводящими и энергопередающими организациями паспорта готовности к работе в осенне-зимних условиях, утвержденных приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года № 55, для данных организаций установлен срок получения паспорта готовности - до 31 октября.

Паспорт готовности - ежегодно выдаваемый документ, подтверждающий готовность энергопроизводящих и энергопередающих организаций к работе в осенне-зимних условиях (ремонт оборудования, подготовка резервного запаса топлива и др.).

При этом следует отметить, что паспорта готовности для крупных предприятий региона, таких как АО «Таразэнергоцентр», АО «Жамбылская ГРЭС им.Т.И. Батурова», ТОО «Жамбылские электрические сети» выдаются Комитетом атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан (г. Астана).

Кроме того, паспорта готовности котельных отопления и тепловых сетей (магистральных, внутриквартальных) всех мощностей в масштабе области к работе в осенне-зимних условиях выдаются местными исполнительными органами соответствующих районов и городов.

В целях бесперебойного и безопасного проведения текущего отопительного сезона местными исполнительными органами проведена планомерная подготовка энергообъектов, инженерной инфраструктуры, а также социальных объектов и жилищного фонда, утверждены планы мероприятий, в соответствии с которыми проведена подготовительная работа. В области отремонтированы 6 энергоблоков, 20 котельных, 8 турбинных агрегатов по двум электростанциям. В частности, в настоящее время завершается капитальный ремонт котельной энергоблока №5 «Жамбылская ГРЭС им.Т. И. Батурова». В АО «Таразэнергоцентр» проведен капитальный ремонт паровой котельной №3, а также водонагревательной котельной №4 в районной котельной. Также были приобретены и установлены запасные части к другим котельным, насосным, проведен текущий ремонт зданий котельных, капитальный ремонт тепловых сетей, текущий ремонт энергоблоков.

Территориальный Департамент Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по Жамбылской области, энергопередающая организация ТОО «VELES DISTRIBUTION» и 15 энергопроизводящие организации, эксплуатирующие возобновляемые (ветровые, солнечные, водные) источники энергии, тщательно проверяют их готовность к работе в предстоящих осенне-зимних условиях, качество планируемых ремонтных работ оборудования, в результате чего, безаварийного прохождения в 2023-2024 годах осенне-зимнего периода (ремонт оборудования, подготовки резервного запаса топлива и т.д.).

В настоящее время в Жамбылском регионе функционирует 21 объект возобновляемых источников энергии мощностью 451,3 МВт. Из них: 6 гидроэлектростанций мощностью – 24,4 МВт ; 9 ветроэлектростанций мощностью – 175,65 МВт; 6 солнечных электростанций мощностью- 251,25 МВт.

Учитывая, что энергопроизводящих организаций, использующих возобновляемые источники энергии, которые вносят значительный вклад в оснащение страны электроэнергией, не так много, мы уверены, что оборудование выйдет из предстоящего осенне-зимнего сезона без технологических нарушений, учитывая, что оно новое, современное, соответствует предъявляемым требованиям в области электроэнергетики.

На энергопредприятиях Жамбылской области наблюдается снижение количества технологических нарушений по сравнению с осенне-зимним сезоном 2022-2023 годов.

В ходе стабильного и качественного прохождения отопительного сезона 2023-2024 годов в области Департамент в пределах своей компетенции продолжит держать на государственном энергетическом контроле ход работ электростанций, электрических сетей в осенне-зимний период.

**«Территориальный Департамент Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по Жамбылской области», Заместитель руководителя Жуманкул Т.К.**